



Кошербаева Айгерим Нуралыевна

**«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының жетекшісі,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор**

Педагог-ғалым, белсенді жетекші. «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері. Ұлыбританияның әйгілі университеттерінде (Brunel University) және Испания (Барселона) – IUC-де білім алған. MEVLANA халықаралық жобасының грант иегері (Түркия университеттерінде педагогика және психология, сондай-ақ түркі ойшылдары әл-Фараби, Юсуф Баласағұни, Махмуд Қашқари мұралары бойынша дәріс оқыды) Түркиядағы шетелдік университеттерде кәсіби тәжірибесі бар: Ата-Түрк университеті, Ерзінжан университеті (Түркия); Нүкіс университеті (Өзбекстан). Ғылыми шетелдік тағылымдамаларды Америка, Германия, Италия, Қытай, т.б. елдерде және *Visiting Professor* бағдарламасы бойынша Белоруссияда, Польшада және т.б. елдерде өткен.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің іргелі жобаларына қатысып, жетекшілік етті, «100 кітап» жобасына қатысты, «Open University» платформасында 25-тен астам дәріс оқыды; «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы аясында 10 томдық «Педагогикалық ой-сана» (1-2 томдар) атты Қазақстанның педагогикалық ой-пікір антологиясын әзірлеу және басып шығару бойынша мемлекеттік жобасының ғылыми жетекшісі болды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері (2010), педагогика және педагогика тарихы бойынша іргелі және аймақтық жобалардың жетекшісі.

Кошербаева А.Н. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Педагогика және психология», «Жалпы педагогика» білім беру бағдарламаларын әзірлеуге белгілі бір үлес қосты, «Білім берудегі менеджмент» (А.Герцен атындағы Ресей МПУ-нің бірлескен оқу қызметі) және «Педагогикалық өлшемдер» (Мәскеу МПУ -мен желілік бағдарлама, Ресей) магистратура білім беру бағдарламаларының, қос дипломдық докторантураның ашылуына үлес қосты. (Джакарта қ. Индонезия; Экс-Марсель қ. Франция). МВА дипломы бар (AlmaU).

Менеджмент, педагогика, білім сапасын бағалау, салыстырмалы білім беру, педагогика тарихы және түркітану біліміне арналған 200-ден астам еңбектердің авторы. «Педагогика», «Білім менеджменті», «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» оқулықтарының; «Білім берудегі менеджмент. Педагогикалық жүйелерді басқарудың теориясы мен практикасы», «Баласағұнтану», ««Құтты білік» дастанының қазіргі жаһандану үдерісімен үндестігі» оқу құралдары мен монографиялардың және отандық және шетелдік рейтингтік

журналдарындағы мақалалар авторы, магистранттар мен докторанттарға жетекші. Профессордың ғылыми жетекшілігімен 10-нан астам кандидаттық диссертациялар мен 3 PhD докторлары дайындалып қорғалды.

Марапаттары мен сыйлықтары: «Қазақстан Республикасы ғылымының дамуына қосқан үлесі үшін», «Қазақстан Республикасының білім беру мекемесінің құрметті қызметкері» төсбелгісі, «Абай атындағы ҚазҰПУ 90 жыл» мерейтойлық медалі, Түркі мәдениеті халықаралық ұйымының медалі. TURKSOY «Баласағұни-1000» және Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған марапат.